

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
2024-2025 оқу жылындағы Сенат мәжілісінің

№1 ХАТТАМАСЫНАН КӨШІРМЕ

Түркістан қаласы

Сағат – 11:00

Сенат залы

Қатысқандар: Сенат мүшелері

29 тамыз 2024 жыл

Бейсенбі

Күн тәртібінде:

3. Әртүрлі мәселелер:

3.1 Университет ОПК-ның құжаттарын ғылыми атақ алу үшін ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне ұсыну туралы (Баяндамашы: Сенат хатшысы, регламент 5 минут)

3.1.9 «Теология» кафедрасының PhD, доцент міндетін атқарушы Нурматов Жахангир Ешбайевичтің 60300-Философия, этика және дін ғылыми бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алу үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне ұсыну.

Қаралды:

Сенат «Теология» кафедрасының PhD, доцент міндетін атқарушы Нурматов Жахангир Ешбайевичтің 60300-Философия, этика және дін ғылыми бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алу үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне жіберу туралы мәселесін қарады.

Сенат хатшысы А.Куралбаева Нурматов Жахангир Ешбайевичтің 60300-Философия, этика және дін ғылыми бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алуға ұсынған құжаттары мен ғылыми және педагогикалық қызметімен таныстырды.

А.Куралбаева: «Нурматов Жахангир Ешбайевич университетте 2016 жылдан бері қызмет етіп келе жатыр, жалпы жұмыс өтілі 15 жыл, ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі 15 жыл. 2016 жылы Теология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесі берілген. 2018 жылы университетте қауымдастырылған профессор (доцент) міндетін атқарушы қызметіне ауысты. 2021-2023 жылдар аралығында Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті «Теология» кафедрасының меңгерушісі болып қызмет атқарды.

60300-Философия, этика және дін ғылыми бағыты бойынша ізденуші Нурматов Жахангир Ешбайевичтің философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алғаннан кейін 32 ғылыми еңбектері жарық көрген, оның ішінде

монография – 1; процентилі 35 тен жоғары импакт-факторға ие Скопус базасындағы журналдарда – 2; уәкілетті орган ұсынатын басылымдарда – 15; отандық және шетелдік ғылыми журналдарда, халықаралық конференция материалдарында – 14 ғылыми еңбектері жарияланған.

Шығып сөйлегендер:

Сенат мүшесі, Теология факультетінің деканы философия ғылымдарының кандидаты С.У.Абжалов сөз алып, «Теология» кафедрасының PhD, доцент міндетін атқарушы Нурматов Жахангир Ешбайевичтің 60300-Философия, этика және дін ғылыми бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алу үшін өтініш жазғандығын және құжаттары кафедра мәжілісінің ұсынуымен факультет кеңесінің қолдау білдіргенін айтып өтті:

Нурматов Жахангир Ешбайевич осы университетте 2016 жылдан бері қызмет істеп келеді. ҚР Білім және Ғылым министрлігі Ғылым комитеті тарапынан қаржыландырылған (2018-2020жж) «AP05132093 - Орта Азиядағы Ханафилік дәстүр және қазақ руханиятының негіздері» атты гранттық жобаның аға ғылыми қызметкері. ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетінің «2023-2025 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыру» аясында қаржыландырылған AP19680418 «Матуридилік сенім жүйесінің қазақ діни танымындағы орны» атты ғылыми жобаның жеңімпазы.


Аттестаттау ісімен танысып шықтым. Нурматов Жахангир Ешбайевич қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алуға лайықты деп есептеймін және ұсынысты қолдаймын.

Ашық дауыс беру нәтижесінде **Сенат ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

3.1.9 «Теология» кафедрасының PhD, доцент міндетін атқарушы Нурматов Жахангир Ешбайевичтің 60300-Философия, этика және дін ғылыми бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алу үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне жіберілсін және Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Сенатының шешімі ұсынылсын (*Жауапты: Сенат хатшысы Куралбаева Алия Ахметкаримовна*).

Сенат төрайымы
Сенат хатшысы

Ж.Темирбекова
А.Куралбаева



А.Куралбаева